

**Алматы облысы, Талғар ауданы, Тұздыбастау
ауылы ТОО «Bolashaq. com » «Dariya»
балабақшасының**

***Білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және
өткізуі***

Қазақстан
Республикасы Оқу-ағарту
министрінің 2026 жылғы 30
сәуірдегі № 114-НҚ
бұйрығының 1,2,3,4-
қосымшалары бойынша
жасалынды

2025-2026ж

ЖШС “ABC Baby” бөбекжай балабақшасының білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуінің

Мазмұны:

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

- Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет;
- Педагогикалық кеңес хаттамасы (*Білім беру ұйымдарын бағалау Өлшемшарттарын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығымен балабақшаны аттестаттау шеңберінде ЖШС “ABC Baby” бөбекжай балабақшасының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізуі туралы*);
- Бұйрық (*Балабақшаны өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы*)

- кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы (*Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыру*)

2. Кадрлық құрамға талдау:

- Педагогтардың сапалық құрамы (1-қосымшаға сәйкес)

3. Тәрбиеленушілер контингенті:

- Бағаланатын кезең үшін тәрбиеленушілер контингентінің қозғалысы (2- қосымшаға сәйкес)

4. Оқу–әдістемелік жұмыс.

Бағаланатын кезең үшін:

- Оқу жоспары;
- Перспективалық жоспар мен циклограммалар.

5. Оқу-материалдық активтер.(3-қосымша)

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры.(4-қосымша)

7. Тәрбиеленушілердің білімін бағалау.

8. Қорытынды

- кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасы (*педагогикалық ұжымға мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері таныстыру*);
- Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау парағы (1-қосымша)

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

Мектепке дейінгі ұйымның атауы— ТОО «Bolashaq. com» «Dariya» балабақшасы

Занды мекен жайы— Алматы облысы, Талғар ауданы, Тұздыбастау ауылы, Көктем 6.

Балабақша меңгерушісі— Жакупова Г.З.

Байланыс телефоны: 87780089527

Электронды почта: qulzamzayevna00@gmail.com

Жоба қуаттылығы (орын)-100

Оқыту тілі- қазақ

Топтар саны-4

Бағаланатын кезең үшін балабақшада жұмыс жасап отырған топтар туралы мәлімет:

2023-2024 оқу жылында			
1	Достық	Ортаңғы (3 жастағы балалар)	қазақ
2	Еркетай	Ересек (4 жастағы балалар)	қазақ
3	Айналайын	Мектепалды (5 жастағы балалар)	қазақ
4	Болашақ	Мектепалды (5 жастағы балалар)	қазақ
2024-2025 оқу жылында			
1	Болашақ	Ортаңғы (3 жастағы балалар)	қазақ
2	Айналайын	Ересек (4 жастағы балалар)	қазақ
3	Достық	Ересек (4 жастағы балалар)	қазақ
4	Еркетай	Мектепалды (5 жастағы балалар)	қазақ
2025-2026 оқу жылында			
1	Еркетай	Ортаңғы (3 жастағы балалар)	қазақ
2	Болашақ	Ересек (4 жастағы балалар)	қазақ
3	Айналайын	Мектепалды (5 жастағы балалар)	қазақ
4	Достық	Мектепалды (5 жастағы балалар)	қазақ

**Өзіндік бағалау барысында мекеменің ішкі
тәртібінің іс- әрекеттерін анықтайтын төмендегідей
құрылтайшы құжаттары ұсынылды:**

- Меңгерушіні қызметке тағайындау туралы бұйрық;
- Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысы;
- Медициналық келісім шарт.

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуін балабақшаның негізінде құрылған комиссия жүргізді. Комиссия төрағасы балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын жалпы жоспарлай отырып, оған басшылықты жүзеге асырды. Меңгеруші Бағалау Өлшемшарттарына сәйкес балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу бойынша нақты тапсырмаларды комиссия мүшелеріне бөлді.

Балабақшаның білім беру қызметін өзін-өзі бағалауын ұйымдастыруы және өткізуі туралы балабақшаның ішкі бұйрығы негізінде жоспар құрылып, бекітілді.

1.3.Балабақшаның өзін-өзі бағалауын жүргізу жөніндегі

Педагогикалық кеңесті барлық профилактикалық бақылау жүргізудің жоспарланған мерзіміне дейін балабақша топтарның көлеміне қарай 2 ай бұрын ұйымдастырылды. Кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізіліп, педагогикалық ұжым Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 114-НҚ бұйрығымен таныстырылды. Кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізіліп, педагогикалық ұжымға мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері таныстырылды.

2.Кадрлық құрамға талдау

Балабақшада барлығы 7 педагог жұмыс жасайды.

Педагогтердің қызметтік лауазымы бойынша: директор - 1
меңгеруші - 1 әдіскер –1, тәрбиешілер – 4.

Педагогтердің біліктілік санаты бойынша: педагог-модератор–2, санаты жоқ–3.

Педагогтердің курстан өтуі бойынша: үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтер -4.

Балабақша педагогтерінің тиісті бейіні бойынша (қайта даярлауды растайтын куәлікті қоса есептегенде): -4 педагог.

Балабақша педагогтерінің тиісті бейіні, қайта даярлауды растайтын куәлігі, біліктілік санаты туралы мәліметтер білім беру ұйымдарының өзін-өзі Бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның

№1 қосымшасының кестесіне сәйкес толтырылып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды. Сонымен қатар,

педагогтердің құжаттарның көшірмесі қоса берілді. Бағаланатын кезең үшін педагогтердің штаттық кестесі ұсынылды.

3. Тәрбиеленушілер контингенті туралы ақпарат

Балабақшада қазіргі таңда 4 топ жұмыс істейді. Балабақшада тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар сақталған. 1- сыныпқа тәрбиеленушіні қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламаларын игеру мерзімі сақталған.

Бағаланатын кезең үшін балалардың контингентінің құрылымы білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның №3 қосымшаға сәйкес жасақталып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды.

4. Оқу әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар бойынша атқарылған жұмыстар (№ 486 бұйрықтың 1-параграф 9-тармағының тармақшаларына сәйкес ұсынылды)

1. 2023-2024 оқу жылының құжаттары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 Жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі 394 бұйрығына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығының талаптарына сәйкес жүзеге асырылды, соның ішінде бағаланатын кезеңге:

2)

- Күн тәртібі: 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары;
- Перспективалық жоспарлар мен циклограммалар: 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары;
- Балабақшаның оқу жұмыс жоспары: 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары;
- Ұйымдастырылған оқу қызметінің (ұйымдастырылған іс-әрекетінің) кестесі: 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары;

- 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 уақытының перспективалық жоспарлары мен циклограммалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына 2-қосымшасының нысаны бойынша жасалды. Ал, 2024-2025 оқу жылының қараша айынан бастап Оқу-ағарту министрі 2024 жылдан бастап 29 қазандағы №319 бұйрығына 2-қосымшасының нысанымен жасалуды.
- Ескерту:** бағаланатын кезеңде балабақшада арнайы қазақ тілінің педагогі, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі қызмет атқармады, олардың міндеті мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісіне жүктеліп, ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарымен циклограммасын ортақ бағытта құрастырды.
- Бағаланатын кезеңде балабақшада ерекше білім беруді қажеттетін балалар тәрбиеленбеді.
- Бағаланатын кезең үшін жоғарыда көрсетілген құжаттар білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымға сәйкес жасақталып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды.

5. Оқу-материалдық базалар туралы ақпарат

Балабақша типі 2 қабатты ғимарат. Жоба қуаттылығы 100 орын. Ағымдағы жөндеу жұмыстары жазғы маусымда жүргізіліп тұрады.

Балабақша ғимараты Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекітутуралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрықтың талабына сәйкес Жабдықтар және жиһаздармен жарақтандырылған. Жиһаз және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымның 4-қосымшаға сәйкес жасақталып, басшының қолымен және білім беру ұйымының мөрімен расталып ұсынылды.

Балабақша ғимаратының жалпы көрінісі және заттық дамытушы ортаның Жабдықталуы туралы ақпарат әдістемелік ұсынымның №3 қосымшасы арқылы ұсынылды.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Балабақшаның оқу-әдістемелік кешендер тізбесі №4 қосымшаға сәйкес жасалып, ұсынылды.

7.Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығының. 1- параграф, 9-тармағының «Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар» бөліміндегі 5) (тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау), 6) (үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау) тармақтарын негізге ала отырып жасалынды

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары үшін балалардың даму мониторингісінің бастапқы, аралық, қорытынды нәтижелерімен даму карталары, 2025-2026 оқу жылы үшін балалардың даму мониторингісінің бастапқы нәтижелерімен даму карталары ұсынылды. Қыркүйек айында жүргізілетін бастапқы мониторинг кезінде :

- Ортаңғы топ (3 жастағы балалар) – қыркүйекте бастапқы мониторинг жүргізу үшін кіші топтың бақылау парағын толтырды;
- Ересек топ (4 жастағы балалар) – қыркүйекте бастапқы мониторинг жүргізу үшін ортаңғы топтың бақылау парағын толтырды;
- Мектепалды топ (5 жастағы балалар) – қыркүйекте бастапқы мониторинг жүргізу үшін ересек топтың бақылау парағын толтырды;

7.2.

- 2023-2024 оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды мониторингі 2024- 2025 оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды мониторингі, 2025-2026 оқу жылының бастапқы, аралық, қорытынды мониторингі 2023-2024 жылына арналған Әдістемелік нұсқау хаттың «Мектепке дейінгі Тәрбиемен Оқытудың мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу» бөлімінің 1 қосымшасына сәйкес жасалды;

Жеке баламен жұмыс.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары үшін:

- Бастапқы мониторинг қыркүйек айында жүргізілді. **Қазан-желтоқсан**

айларында бастапқы бақылау нәтижелері бойынша жеке даму карталары толтырылып, дамыту, түзету іс-шаралары жүзеге асырылды және циклограммаға енгізілді.

Аралық мониторинг қаңтар айында жүргізілді. **Ақпан-сәуір** айларында аралық бақылау нәтижелері бойынша жеке даму

карталары толтырылып, дамыту, түзету іс-шаралары жүзеге асырылды және циклограммаға енгізілді.

Қорытынды мониторинг мамыр айында жүргізілді. **Маусым-тамыз** Айларында қорытынды бақылау нәтижелері бойынша жеке даму

Карталары толтырылып, дамыту, түзету іс-шаралары жүзеге асырылды және циклограммаға енгізілді.

7.3.Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері

жасалынды. Тәрбиеленушілердің жеке даму карталарының көшірмелері қоса берілді.

Қорытынды

Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауының қорытындысы шығарылды:

Кезектен тыс педагогикалық кеңес өткізіліп, педагогикалық ұжымға мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау нәтижелері таныстырылды.